



ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ (Кәсіби-шығармашылық факультеті)

6B01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау
6B01406-Көркем білім



**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті
Кәсіби- шығармашылық факультеті**

БЕКІТЕМІН
Факультет деканы
Қартаева Ж.Ж.
«13» 02 2025ж



**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Ақтөбе, 2025

ББК 65.263.1

О - 14

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№6 хаттама, 13 ақпан 2025 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2025-2026 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2025. – 18 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Кәсіби-шығармашылық факультетінің «6B01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау» және «6B01406-Көркем білім» ББ білім алушылары үшін дайындалған.

Баспаға жауапты: Кургамбеков М.С.

ISBN 9965-9658-5-6

о 4309000000
00(05)-05

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025.
Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2022 жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БжҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021 жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген. (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).
4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚР МЖМБС. 5.05.001-2005).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімдері.
6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020 ж.).

Білім бағдарламасының атауы және шифры:
6B01406-Көркем білім

Оқу мерзімі: 2 курс 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 9.1 Өнер және арт-кәсіпкерлік теориясы модулі				
БП ТК	BOTzhOZ 2218	Бейнелеу өнері тарихы мен өнерді зерттеу	3	5
БП ТК	AMzhSh EK 4219	Арт-менеджмент және шығармашылық экономикадағы кәсіпкерлік	8	4
КП ТК	KOT 4301	Қазақстан өнерінің тарихы	7	5
Модуль 9.2 Өнер және артбілім теориясы модулі				
БП ТК	DBOT 2218	Дүниежүзілік бейнелеу өнерінің тарихы	3	5
БП ТК	ShEK 4219	Шығармашылық экономикадағы кәсіпкерлік	8	4
КП ТК	AB 4301	Артбілім	7	5
Модуль 10.1 Шығармашылық шеберлік модулі				
БП ТК	AS 1220	Академиялық сурет	2	6
БП ТК	AK 2221	Академиялық кескіндеме	3	6
КП ТК	AFS 3302	Адам фигурасының суреті	5	5
КП ТК	Kom 2303	Композиция	4	4
КП ТК	Kes 3304	Кескіндеме	5	5
КП ТК	PK 3305	Пейзаждық кескіндеме	6	4
Модуль 10.2 Шығармашылық шеберлік модулі				
БП ТК	PG 1220	Портреттік графика	2	6
БП ТК	PK 2221	Портреттік кескіндеме	3	6
КП ТК	SS 3302	Сюжеттік сурет	5	5
КП ТК	ZhK 2303	Жанрлық композиция	4	4
КП ТК	SK 3304	Станокты кескіндеме	5	5
КП ТК	PK 3305	Пленэрлік кескіндеме	6	4

Білім бағдарламасының атауы және шифры:
6B01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау

Оқу мерзімі: 2 курс 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
4 Модуль. Педагогика, инклюзивті білім беру және инженерлік графика (12 академиялық кредит)				
БП ЖК	Ped 2202	Педагогика	3	4
БП ЖК	IGZh 1 2203	Инженерлік графика және жобалау1	3	5
БП ЖК	IBB 2204	Инклюзивті білім беру	3	3
5 Модуль. Жас ерекшелік физиологиясы, бағалау және арнайы пәндер (18 академиялық кредит)				
БП ЖК	ZhEFMG 2205	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	3
БП ЖК	AS 1 2206	Академиялық сурет 1	3	5
БП ЖК	AZh 1 2207	Академиялық живопись 1	3	5
БП ЖК	BOT 2208	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	5
6 Модуль. Ғылыми зерттеу негіздері және ұлттық руханият (14 академиялық кредит)				
БП ЖК	GZA 2209	Ғылыми зерттеу әдісі	4	5
БП ЖК	IGZh 2 2210	Инженерлік графика және жобалау 2	4	6
БП ЖК	UR 2211	Ұлттық руханият	4	3
7 Модуль. Сурет, живопись және практика (12 академиялық кредит)				
БП ЖК	AS 2 2212	Академиялық сурет 2	4	5
БП ЖК	AZh 2 2213	Академиялық живопись	4	5
БП		Педагогикалық-психологиялық практика	4	2

Білім бағдарламасының атауы және шифры:

6B01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау

Оқу мерзімі: 2 курс 3 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
5.1 Модуль Тігін бұйымдарын өңдеу және оқыту әдістемесі, (15 академиялық кредит)				
БП ЖК	КЕРОА 2214	Көркем еңбек пәнін оқытудың әдістемесі(дуалды оқыту)	5	5

КП ЖК	ВОТТ 2301	Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы	5	5
БП ТК	ТВОР 2315	Тігін бұйымдарын өңдеу практикумы	5	5
5.2 Модуль Бейнелеу өнерінің тарихы және материалдарды өңдеу, (15 академиялық кредит)				
БП ЖК	КЕРОА 2214	Көркем еңбек пәнін оқытудың әдістемесі	5	5
КП ЖК	ВОТТ 2301	Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы	5	5
БП ТК	МОПСК 2215	Материалдарды өңдеу практикумы, станоктар мен құралдар	5	5
6.1 Модуль Сурет, живопись және білім берудегі менеджмент (15 академиялық кредит)				
БП ТК	SZh 2216	Сурет және живопись	6	5
БП ТК	KG 2217	Компьютерлік графика	6	5
БП ЖК	ВВМК 2218	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
6.2 Модуль Компьютерлік және арнайы пәндер негіздері, (15 академиялық кредит)				
БП ТК	ASAZh 2216	Арнайы сурет және живопись	5	5
БП ТК	KD 2217	Компьютерлік дизайн	5	5
БП ЖК	ВВМК 2218	Білім берудегі менежмент және көшбасшылық	5	5
7.1 Модуль Білім берудегі менежмент және мүсін (16 академиялық кредит)				
КП ЖК	SKON 2302	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	5	5
КП ТК	TBTN 2303	Тігін бұйымдары технологиясының негіздері	5	5
7.2 Модуль Қолданбалы өнер (16 академиялық кредит)				
КП ЖК	SKON 2302	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	4	5
КП ТК	АМКОН 2303	Ағашты және металлды көркемдеп өңдеу негіздері	4	5
8.1 Модуль Сурет, живопись және тұстану (14 академиялық кредит)				
КП ЖК	Sur 1 2304	Сурет 1	4	4
КП ЖК	Zhiv 1 2305	Живопись 1	4	5
КП ТК	BOT 2306	Бейнелеу өнеріндегі тұстану	4	5
8.2 Модуль Тұстану және арнайы пәндер(14 академиялық кредит)				
КП ЖК	Sur 1 2304	Сурет 1	4	4
КП ЖК	Zhiv 1 2305	Живопись 1	4	5
КП ТК	BOT 2306	Түс қабылдау психологиясы	4	5

Білім бағдарламасының атауы және шифры:

6В01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау

Оқу мерзімі: 3 курс 4 жыл

Қабылдау жылы: 2023

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
8.1 Модуль Тігін бұйымдарын өңдеу және оқыту әдістемесі, (15 академиялық кредит)				
БП ЖК	КЕРОА	Көркем еңбек пәнін оқытудың	5	5

	3214	әдістемесі(дуалды оқыту)		
КП ЖК	ВОТТ 3301	Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы	5	5
БП ТК	ТВОР 3315	Тігін бұйымдарын өңдеу практикумы	5	5
8.2 Модуль Бейнелеу өнерінің тарихы және материалдарды өңдеу, (15 академиялық кредит)				
БП ЖК	КЕРОА 3214	Көркем еңбек пәнін оқытудың әдістемесі	5	5
КП ЖК	ВОТТ 3302	Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы	5	5
БП ТК	МОПСК 3215	Материалдарды өңдеу практикумы, станоктар мен құралдар	5	5
9.1 Модуль Сурет, живопись және білім берудегі менеджмент (15 академиялық кредит)				
БП ТК	SZh 3216	Сурет және живопись	6	5
БП ТК	KG 3217	Компьютерлік графика	6	5
БП ЖК	ВВМК 3218	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
9.2 Модуль Компьютерлік және арнайы пәндер негіздері, (15 академиялық кредит)				
БП ТК	ASAZh 3216	Арнайы сурет және живопись	5	5
БП ТК	KD 3217	Компьютерлік дизайн	5	5
БП ЖК	ВВМК 3218	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	5	5
10.1 Модуль Білім берудегі менеджмент және мүсін (16 академиялық кредит)				
КП ЖК	SKON 3302	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	6	5
КП ТК	TBTN 3303	Тігін бұйымдары технологиясының негіздері	6	5
10.2 Модуль Қолданбалы өнер (16 академиялық кредит)				
КП ЖК	SKON 3302	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	6	5
КП ТК	АМКОН 3303	Ағашты және металлды көркемдеп өңдеу негіздері	6	5
11.1 Модуль Сурет, живопись және тұстану (14 академиялық кредит)				
КП ЖК	Sur 1 3304	Сурет 1	6	4
КП ЖК	Zhiv 1 3305	Живопись 1	6	5
КП ТК	ВОТ 3306	Бейнелеу өнеріндегі тұстану	6	5
11.2 Модуль Тұстану және арнайы пәндер(14 академиялық кредит)				
КП ЖК	Sur 1 3304	Сурет 1	6	4
КП ЖК	Zhiv 1 3305	Живопись 1	6	5
КП ТК	ВОТ 3306	Түс қабылдау психологиясы	6	5

Білім бағдарламасының атауы және шифры:

6В01405-Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау

Оқу мерзімі: 4 курс 4 жыл

Қабылдау жылы:2022 жыл

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
12.1 Модуль Ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, (18 академиялық кредит)				

КП ЖК	SKON 4306	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	7	5
КП ТК	TS 4307	Тематикалық сурет	7	5
КП ТК	TZh 4308	Тематикалық живопись	7	5
БП ТК	BOT 4319	Бейнелеу өнеріндегі тұстану	7	3
12.2 Модуль Тұстану және арнайы пәндер, (18 академиялық кредит)				
КП ЖК	SKON 4306	Сәндік-қолданбалы өнер негіздері	7	5
КП ТК	KEG 4307	Графикалық сурет	7	5
КП ТК	SZh 4308	Станоктық живопись	7	5
БП ТК	TKP 4320	Түс қабылдау психологиясы	7	3
13.1 Модуль. IT және аспаздық өнер, (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	VOITCR 4309	Визуалды өнердегі IT және цифрлық ресурстар	7	4
КП ТК	AO 4310	Аспаздық өнер (қызмет көрсету)		
КП ЖК	KBZh 4311	Көркем бұйымдарды жобалау	7	6
13.2 Модуль. IT және практика, (30 академиялық кредит)				
КП ЖК	VOITCR 4309	Визуалды өнердегі IT және цифрлық ресурстар	7	4
КП ТК	TSh 4310	Техникалық шығармашылық	7	5
КП ЖК	KBZh 4311	Көркем бұйымдарды жобалау	7	6

2 КУРС (КӨРКЕМ БІЛІМ)

Модуль 9.1 Өнер және арт-кәсіпкерлік теориясы модулі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Бейнелеу өнері тарихы мен өнерді зерттеу

Курсты оқытудың мақсаты: Бейнелеу өнерінің даму тарихын, негізгі стильдері мен бағыттарын, олардың қоғам мен мәдениетке ықпалын зерттеуге бағытталған. Өнертану әдістерін меңгеру арқылы студенттерге шығармашылық талдау дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Әлемдік және ұлттық бейнелеу өнерінің негізгі кезеңдерін, көркемдік стильдер мен бағыттарды, әйгілі суретшілер мен олардың туындыларын қамтиды. Өнертанудың теориялық аспектілері, көркемдік анализ, композиция және визуалды мәдениет мәселелері қарастырады.

Пререквизиттері: Қазақстан тарихы.

Постреквизиттері: Қазақстан өнерінің тарихы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бейнелеу өнерінің тарихи кезеңдері мен стильдерін ажырата алу. В) Өнер туындыларын талдау және интерпретациялау дағдыларын меңгеру. С) Әртүрлі тарихи контексттегі өнердің рөлін түсіну. D) Заманауи өнер процестерін бағалау.

Модуль 9.2 Өнер және артбілім теориясы модулі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Дүниежүзілік бейнелеу өнерінің тарихы

Курсты оқытудың мақсаты: Бейнелеу өнерінің дамуын ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңдері. Студенттерге өнердің әртүрлі стильдері мен бағыттарын, олардың тарихи, мәдени және әлеуметтік контексте қалыптасуын ұғындыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Алғашқы петроглифтер мен антикалық мүсіндерден бастап, Қайта өрлеу дәуірінің шедеврлеріне, барокко мен классицизмге, модернизм мен постмодернизмге дейінгі өнер тарихының маңызды кезеңдерін қамтиды. Әртүрлі елдер мен өркениеттердегі бейнелеу өнерінің ерекшеліктері, танымал суретшілер мен олардың еңбектері талқыланады.

Пререквизиттері: Қазақстан тарихы.

Постреквизиттері: Қазақстан өнерінің тарихы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Әлемдік бейнелеу өнерінің негізгі кезеңдері мен бағыттарын түсіну. В) Өнер туындыларын стильдік және тарихи тұрғыдан талдай алу. С) Заманауи өнердің тарихи тамырларын анықтай алу. D) Өнердің эволюциясы мен оның қазіргі үрдістермен байланысын түсіну.

Модуль 10.1 Шығармашылық шеберлік модулі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Академиялық кескіндеме

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге академиялық кескіндеменің теориялық және практикалық негіздерін меңгерту. Академиялық дәстүрлерге сүйене отырып, түстерді, форманы, жарық пен көлеңкені дұрыс беру, композиция құру және пропорцияларды сақтау дағдыларын дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Академиялық кескіндеменің негізгі принциптері мен әдістерін қамтиды. Оқу барысында студенттер натюрморт, портрет, пейзаж, фигуралық композицияларды салу тәжірибесін игереді. Түстану, перспектива, фактура және материалдарды қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Тарихи және заманауи кескіндеме мектептері талданады.

Пререквизиттері: Академиялық кескіндеме негіздері.

Постреквизиттері: Кескіндеме. Плэнерлік кескіндеме.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Академиялық кескіндеменің негізгі қағидаларын меңгеру. В) Түрлі техникалармен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. С) Композиция мен түстердің үйлесімділігін қолдану. D) Өзінің көркемдік стилін дамытуға және шығармашылық тұрғыдан өзіндік шешімдер қабылдауға баулу.

Модуль 10.1 Шығармашылық шеберлік модулі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Портреттік кескіндеме

Курсты оқытудың мақсаты: Портреттік кескіндеменің негізгі принциптері мен техникаларын меңгерту. Адам бейнесін дәл әрі көркем жеткізу үшін пропорция, анатомия, жарық пен көлеңке, түстердің үйлесімділігі сияқты аспектілерді зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Портрет жанрының ерекшеліктерін, тарихи даму кезеңдерін, әртүрлі стильдер мен техникадағы бейнелеу тәсілдерін қамтиды. Оқу барысында студенттер классикалық және заманауи портрет салу әдістерін үйреніп, түрлі материалдармен (майлы бояу, акварель, пастель, көмір, сангина) жұмыс істейді. Адам анатомиясын зерттеу, бет әлпетінің мимикасы мен эмоциясын жеткізу.

Пререквизиттері: Академиялық кескіндеме негіздері.

Постреквизиттері: Кескіндеме. Плэнерлік кескіндеме.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Адамның бет пішінін дәл бейнелеуді үйрену. В) Пропорция, анатомия және перспектива заңдылықтарын меңгеру. С) Портрет арқылы эмоция мен мінезді жеткізу қабілетін жетілдіру. D) Өзіндік көркемдік стильін қалыптастырып, шығармашылық шешімдер қабылдай алу.

Модуль 10.1 Шығармашылық шеберлік модулі

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Жанрлық композиция

Курсты оқытудың мақсаты: Жанрлық композицияның құрылымдық және көркемдік негіздерін меңгерту, сюжетті бейнелеу дағдыларын дамыту және көркем образ жасаудың әдістерін үйрету. Композициялық құрылым, ритм, симметрия, асимметрия, кеңістікті ұйымдастыру қағидалары меңгеріледі.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тарихи, тұрмыстық, мифологиялық, діни және заманауи жанрлық көріністерді бейнелеудің ерекшеліктерін зерттейді. Композицияны құру, кейіпкерлердің өзара әрекеттесуін көрсету, жарық, кеңістік және перспектива заңдылықтарын қолдану әдістері қарастыру. Классикалық және заманауи композициялық шешімдерді, түстік, сызықтық және пішіндік үйлесімділікті, көркемдік ырғақ пен тепе-теңдікті талдауды және қолдануды үйренеді. Теориялық білімдер тәжірибелік жұмыстар арқылы бекітіледі.

Пререквизиттері: Композиция негіздері

Постреквизиттері: Ағашты көркем өңдеу. Графика және дизайн.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Жанрлық композицияны құру принциптерін меңгеру. В) Кейіпкерлер мен ортаның өзара үйлесімділігін көрсете алу. С) Композициялық шешімдерді шығармашылық жұмыстарында тиімді қолдану. D) Әртүрлі стильдер мен техникаларда жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2(ЗЖ.) КУРС

5.1 Модуль Графика, жобалауды оқыту әдістемесі, (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Тігін бұйымдарын өңдеу практикумы

Курсты оқытудың мақсаты: Тігін бұйымдарын өңдеудің негізгі әдістерін меңгерту, тігін өндірісінде қолданылатын технологиялармен таныстыру және олардың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тігін бұйымдарын дайындау процесіндегі негізгі өңдеу технологияларын қамтиды. Курста мата түрлері, тігін операциялары, өңдеу әдістері, тігін жабдықтары мен құралдары, сәндік әрлеу тәсілдері қарастырылады. Сондай-ақ, тігін өндірісінде қолданылатын қазіргі заманғы технологияларға ерекше назар аударылады. Студенттер тәжірибелік сабақтарда түрлі бұйымдарды тігуді үйренеді, конструкциялық және сәндік өңдеу әдістерін қолданады.

Пререквизиттері: Сызу негіздері, Академиялық сурет, Академиялық живопись

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тігін бұйымдарын өңдеудің негізгі технологияларын меңгереді; В) Мата түрлеріне сәйкес өңдеу әдістерін таңдай алады; С) Нақты бұйымдарды тігу барысында конструкциялық және сәндік өңдеу тәсілдерін қолдана алады; D) аманауи тігін өндірісі талаптарына сай жұмыс жасай алады.

5.2 Модуль Бейнелеу өнерінің тарихы және материалдарды өңдеу, (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Материалдарды өңдеу практикумы, станоктар мен құралдар

Курсты оқытудың мақсаты: Материалдарды өңдеу технологияларын меңгерту, әртүрлі станоктар мен құралдардың құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін үйрету, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру және өндірістік процестерде оларды тиімді қолдануды үйрену.

Пәннің қысқаша мазмұны: Механикалық өңдеудің негізгі әдістерін, қолданылатын станоктар мен құралдарды, олардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптерін қамтиды. Курста кесу, бұрғылау, жону, фрезерлеу, тегістеу және басқа да өңдеу әдістері қарастырылады. Сондай-ақ, өндірістік қауіпсіздік ережелері мен жабдықтарды техникалық қызмет көрсету аспектілері де оқытылады. Студенттер тәжірибелік сабақтарда әртүрлі материалдармен жұмыс жасап, өңдеу дағдыларын жетілдіреді.

Пререквизиттері: Сызу негіздері, Академиялық сурет, Академиялық живопись

Постреквизиттері: Теникалық шығармашылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Материалдарды өңдеудің негізгі әдістерін меңгереді; В) Әртүрлі станоктар мен құралдардың құрылымы мен жұмыс істеу принциптерін түсінеді С) Өңдеу процесінде қолданылатын құрал-саймандарды дұрыс таңдап, қолдана алады; D) Заманауи өңдеу технологияларын өндірісте тиімді пайдалана алады.

6.1 Модуль Сурет, живопись және білім берудегі менеджмент (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Сурет және живопись

Курсты оқытудың мақсаты: Сурет және живопись негіздерін меңгерту, бейнелеу өнерінің түрлі техникасы мен әдістерін үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту және көркемдік ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Сурет және живопись өнерінің негізгі принциптерін, композиция, перспектива, түс теориясы және жарық-көлеңке заңдылықтарын қамтиды. Студенттер графикалық материалдармен (қарындаш, көмір, сангина) және бояу техникасымен (акварель, гуашь, майлы бояулар) жұмыс істеуді үйренеді. Сонымен қатар, адам бейнесі, пейзаж, натюрморт, портрет салу тәсілдері қарастырылады. Сабақ барысында шығармашылық тапсырмалар орындалып, өнер тарихынан мағлұматтар беріледі.

Пререквизиттері: Академиялық живопись (ағылшын тілінде). Академиялық сурет (ағылшын тілінде). Академиялық живопись 1.

Постреквизиттері: Графикалық сурет. Станоктық живопись. Түс қабылдау психологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Сурет және живописьтің негізгі техникаларын меңгереді; В)

Түрлі материалдармен және бояулармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады; С Объектілердің пішіні мен пропорциясын дұрыс бейнелеуді үйренеді;

D) Өзінің шығармашылық идеясын визуалды түрде жүзеге асыра алады.

6.1 Модуль Сурет, живопись және білім берудегі менеджмент (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Компьютерлік графика

Курсты оқытудың мақсаты: Компьютерлік графика негіздерін меңгерту, әртүрлі графикалық редакторлармен жұмыс істеуді үйрету, сандық бейнелерді өңдеу дағдыларын қалыптастыру және дизайн саласындағы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Компьютерлік графиканың негізгі түрлерін (векторлық және растрлық графика), түстер теориясын, графикалық дизайн қағидаларын қамтиды. Студенттер Adobe Photoshop, Illustrator, CorelDRAW, Blender және басқа да бағдарламалармен жұмыс істеуді үйренеді. Сондай-ақ, 2D және 3D графика жасау, кескіндерді өңдеу, логотиптер мен иллюстрациялар әзірлеу, анимация және визуалды эффектілер құру тәсілдері қарастырылады.

Пререквизиттері: Инженерлік графика және жобалау 1. Инженерлік графика және жобалау 2. Компьютерлік жобалау.

Постреквизиттері: Графикалық сурет. Техникалық шығармашылық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Компьютерлік графиканың негізгі қағидаларын меңгереді;В)

Графикалық редакторларда сандық кескіндерді өңдейді және әзірлейді; С) Логотиптер, иллюстрациялар, интерфейстер және 3D модельдер жасай алады;D) Дизайн мен визуалды коммуникацияның негізгі қағидаларын қолдана алады;

6.2 Модуль Компьютерлік және арнайы пәндер негіздері, (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Арнайы сурет және живопись

Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіби деңгейде сурет және живопись салу дағдыларын дамыту, көркемдік бейнелеу құралдарын жетілдіру, композициялық ойлау қабілетін қалыптастыру және шығармашылық тәсілдерді меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: сурет және живописьтің күрделі әдістеріне бағытталған. Перспектива, пропорция, анатомиялық дәлдік, жарық-көлеңке заңдылықтары тереңірек қарастырылады. Материалдармен (қарындаш, көмір, сангина, пастель, акварель, майлы бояулар) жұмыс істеу дағдылары жетілдіріледі. Сонымен қатар, портреттік және фигуративті

композициялар, гипстік модельдер, интерьерлік және экстерьерлік пейзаждар, шығармашылық жұмыстар орындалады. Курс аясында өнер тарихы мен заманауи көркемдік бағыттарға да назар аударылады.

Пререквизиттері: Академиялық живопись (ағылшын тілінде). Академиялық сурет (ағылшын тілінде). Академиялық живопись 1.

Постреквизиттері: Графикалық сурет. Станоктық живопись. Түс қабылдау психологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Күрделі сурет және живопись техникасын меңгереді; В) Адам анатомиясын, натюрморт, пейзаж және интерьерді кәсіби деңгейде бейнелей алады; С) Түрлі материалдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді; D) Өзінің шығармашылық идеясын көркемдік тәсілдер арқылы жеткізе алады;

6.2 Модуль Компьютерлік және арнайы пәндер негіздері, (15 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Компьютерлік дизайн

Курсты оқытудың мақсаты: Компьютерлік дизайнның негізгі қағидаларын меңгерту, графикалық және мультимедиялық бағдарламалармен жұмыс істеуді үйрету, визуалды коммуникация құралдарын тиімді пайдалануды дамыту және шығармашылық жобаларды жүзеге асыру қабілетін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Компьютерлік дизайнның негізгі аспектілерін қамтиды: графикалық дизайн принциптері, композиция, түстер теориясы, типография, векторлық және растрлық графика. Студенттер Adobe Photoshop, Illustrator, CorelDRAW, Figma және басқа да кәсіби бағдарламалармен жұмыс істеуді үйренеді. Логотип жасау, брендбук әзірлеу, жарнамалық материалдар дайындау, интерфейс және веб-дизайн жасау дағдылары дамытылады. Сонымен қатар, анимация, 3D дизайн және UX/UI негіздері қарастырылады

Пререквизиттері: Инженерлік графика және жобалау 1. Инженерлік графика және жобалау 2. Компьютерлік жобалау.

Постреквизиттері: Графикалық сурет. Техникалық шығармашылық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Графикалық редакторлармен кәсіби деңгейде жұмыс істей алады; В) Логотиптер, баннерлер, иллюстрациялар және жарнамалық материалдар әзірлей алады; С) Түстер мен композиция заңдылықтарын тиімді пайдаланады; D) Креативті ойлау қабілетін дамытып, өз идеяларын визуалды түрде жүзеге асыра алады.

7.1 Модуль Білім берудегі менежмент және мүсін (16 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Тігін бұйымдары технологиясының негіздері

Курсты оқытудың мақсаты: Тігін бұйымдарын дайындаудың негізгі технологияларын меңгерту, тігін өндірісінің құрылымы мен процестерін түсіндіру, материалдарды өңдеу әдістерін үйрету және тігін жабдықтарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Тігін бұйымдарын жасау технологиясының негізгі аспектілерін қамтиды. Маталардың қасиеттері, конструкциялық модельдеу, кесу әдістері, тігін жабдықтары мен құралдары, негізгі тігін операциялары және олардың орындалу реттілігі қарастырылады. Сондай-ақ, бұйымдарды құрастыру, сәндік әрлеу және сапаны бақылау мәселелері талқыланады. Студенттер практикалық сабақтарда тігін бұйымдарын жасауға арналған технологиялық процестерді үйренеді.

Пререквизиттері: Сызу негіздері, Академиялық сурет, Академиялық живопись

Постреквизиттері: Магистратура деңгейіндегі пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тігін бұйымдарының құрылымы мен технологиялық өңдеу әдістерін меңгереді; В) Материалдардың қасиеттерін және олардың өңдеуге әсерін түсінеді; С) Бұйымдарды құрастыру, тігу және әрлеу технологияларын қолдана алады; D) Өнім сапасын бағалап, өндірістік стандарттарға сәйкес тігін бұйымдарын дайындай алады.

7.2 Модуль Қолданбалы өнер (16 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Ағашты және металды көркемдеп өңдеу негіздері

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге ағаш пен металды көркемдеп өңдеудің негізгі әдістерін меңгерту, дәстүрлі және заманауи өңдеу технологияларын үйрету, көркем бұйымдар жасау дағдыларын қалыптастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ағаш және металл өңдеудің негізгі принциптерін, материалдардың қасиеттерін, қолданылатын құралдар мен жабдықтарды қамтиды. Курс аясында кесу, ою, өрнектеу, шекіме, гравюра, дәнекерлеу және патинация сияқты көркем өңдеу әдістері қарастырылады. Сонымен қатар, ұлттық және заманауи көркемдік стильдер, декоративті композициялар жасау және бұйымдарды әрлеу технологиялары оқытылады. Студенттер тәжірибелік сабақтарда ағаш пен металдан жасалған сәндік және утилитарлық бұйымдарды дайындауды үйренеді.

Пререквизиттері: Композиция.

Постреквизиттері: Сәндік-қолданбалы өнер негіздері, Көркем бұйымдарды жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Ағаш және металл өңдеудің негізгі әдістерін меңгереді; В) Кескіндеу, ою, бедерлеу, шекіме сияқты техникаларды тәжірибеде қолдана алады; С) Декоративті композициялар жасап, оларды әртүрлі стильдерде орындай алады; D) Шығармашылық жобалар дайындап, көркемдік өңдеудің заманауи тәсілдерін меңгереді.

8.1 Модуль Сурет, живопись және тұстану (14 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Бейнелеу өнеріндегі тұстану

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге түстердің табиғатын, олардың бейнелеу өнеріндегі рөлін, психологиялық және композициялық әсерін үйрету. Сондай-ақ, студенттерге түстерді үйлестіру, түрлі түстермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру және оларды өнер шығармаларында тиімді пайдалану жолдарын меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Түстер теориясына, олардың қасиеттеріне, классификациясына және араластыру заңдылықтарына негізделген. Түстердің адам психологиясына әсері, мәдениет пен өнердегі маңызы қарастырылады. Сонымен қатар, түрлі түстердің композициялық құрылымдағы орны, олардың үйлесімділігі және контраст принциптері оқытылады. Практикалық сабақтарда студенттер бояулармен жұмыс істеу техникасын меңгеріп, түрлі түстердің өзара байланысын зерттейді.

Пререквизиттері: Академиялық кескіндеме, Композиция

Постреквизиттері: Тематикалық живопись, Станоктық живопись

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Түстердің теориялық негіздерін меңгереді
В) Түстердің психологиялық және композициялық әсерін түсінеді
С) Түстерді үйлестіру және араластыру дағдыларын игереді
D) Өнер туындыларында түстерді тиімді қолдануды үйренеді

8.2 Модуль Тұстану және арнайы пәндер(14 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E).

Пәннің атауы: Түс қабылдау психологиясы

